

## 2009 жылға қосымша әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру туралы

### *Күшін жойған*

Қарағанды облысы Нұра ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 19 маусымдағы N 10/05 қаулысы. Қарағанды облысы Нұра ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 08 шілдеде N 8-14-97 тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Нұра ауданының әкімдігінің 2010 жылғы 13 қыркүйектегі N 18/01 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Нұра ауданының әкімдігінің 2010.09.13 N 18/01 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңына және Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 12 наурыздағы "Мемлекет басшысының 2009 жылғы 6 наурыздағы "Дағдарыстан - жаңару мен дамуға" атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" N 765 Жарлығына сәйкес, Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте өкілетті органда тіркелген, нысаналы топтарға жататын, жұмыссыз азаматтарды жұмыспен қамтамасыз ету мақсатында аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Нысаналы топтардың 94 жұмыссыз азаматтар үшін үш ай мерзімге қосымша әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыратын Нұра ауданының ұйымдары мен кәсіпкерлерінің (әрі қарай - жұмыс берушілерінің) тізбесі қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Жұмыс берушілерге әлеуметтік жұмыс орындарды тәртіп бойынша ұйымдастыру үшін Нұра ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімімен қажет шарттар жасау ұсынылсын, сонымен қатар еңбек түрі, мерзімі, жағдайы көрсетілген жеке еңбек шартына сәйкес жұмыссыз азаматтарды жұмысқа қабылдануларын жүзеге асырсын.

3. Нұра ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі (Гүлнар Тақуқызы Жүпенова) белгіленген тапсырма талабы мен осы мақсатқа бөлінген қаржының шегінде жұмыс берушілердің өтініштеріне сәйкес жұмыссыз азаматтарды өтінімдер бойынша әлеуметтік жұмыс орындарына уақытша орналастыру үшін жолдама берсін.

4. Нұра ауданының қаржы бөлімі (Мақсұтов Данияр Зарлықұлы) 2009 жылы қосымша әлеуметтік жұмыс орындарын өткізу шараларына бюджет қаражатында осы мақсаттарға сәйкес қарастырылған жалпы сомасы 8460,0 (сегіз миллион төртжүз алпыс мың) теңгемен қаржыландыруды жүзеге асырсын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Николай

Анатольевич

Барановқа

жүктелсін.

6. Осы қаулы ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

С. Шайдаров

Қ о с ы м ш а

а у д а н

2 0 0 9

ж ы л ғ ы

1 9

ә к і м д і г і н і ң

м а у с ы м д а ғ ы

N

1 0 / 0 5

қ а у л ы с ы м е н

БЕКІТІЛГЕН

**Нысаналы топтардың 144 жұмыссыз азаматтар үшін үш ай және алты ай мерзімге қосымша әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыратын Нұра ауданының жұмыс берушілер тізбесі:**

**Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Нұра ауданы әкімдігінің 2009.12.09 N 21/06 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз).**

№	Атауы	Адресі	Жұмысшылардың
1	"Қарой" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Қарой ауылы	6
2	"Қаратал" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорыны	Киевка кенті	19
3	"Казахавтодор" республикалық мемлекеттік кәсіпорыны	Киевка кенті	5
4	"Отқанжар" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Изенді ауылы	21
5	"Құланөтпес" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Құланөтпес аулы	20
6	"Абильдина" жеке кәсіпкер	Киевка кенті	7
7	"Жартас" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Ақмешіт ауылы	5
8	"Жараспай" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Жараспай ауылы	6
9	"Абсатарова" жеке кәсіпкер	Киевка кенті	4
10	"Индустриальный" өндірістік кооперативі	Тассуат ауылы	4
11	"Карабаева" жеке кәсіпкер	Киевка кенті	4
12	"Айтешева А.С." шаруа қожалығы	Шахтерское ауылы	13
13	"Алпыс" шаруа қожалығы	Кертінді ауылы	6
14	"Ранерт" жеке кәсіпкер	Киевка кенті	1
15	"Нұра Астық 2005" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Майоровка ауылы	5
16	"Черниговский и К" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Көбетей ауылы	18
Барлығы			144